

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
К.ЖУБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік Университеті
ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ ОҚИТУ КАФЕДРАСЫ



БЕКТЕМІН

Қабылдау комиссиясының
Төрағасы

И.Ч. Карабасова
05 2023 ж.

«Педагогикалық ғылымдар» білім саласы бойынша білім бағдарламаларына
түсуші талапкерлерге арналған арнайы емтихан
БАҒДАРЛАМАСЫ

Ақтобе, 2023 ж.

«Педагогикалық ғылымдар» білім саласы бойынша білім бағдарламаларына түсуші талапкерлерге арналған арнайы емтихан бағдарламасы.


Құрастырушылар:

Бахтиярова Гүлшат Рахметжанқызы – профессор, п.ғ.к.
Баймаханова Гулиар Калдыбаевна – аға оқытушы, магистр
Капина Эльмира Асетуллаевна – аға оқытушы, магистр

Кафедра мәжілісінде қарастырылды. № 9 хаттама, «7» 04 2023ж.

Кафедра меңгерушісі  Бахтиярова Г.Р.

Факультеттің Әдістемелік кеңесі мәжілісінде талқыланды.
№ 8 хаттама, «12» 04 2023ж.

Әдістемелік кеңес төрағасы  Капина Э.А.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

1. Нормативтік сілтемелер
2. Негізгі қысқартулар мен терминдер
3. Талапкерлерді арнайы даярлауға қойылатын негізгі талаптар
4. Педагогикалық мамандықтарға түсу үшін арнайы емтиханды ұйымдастыру және өткізу тәртібі
5. Арнайы емтихандар өткізілетін университет ББ тізімі
6. Тест тапсырмаларының мазмұны
7. Әдебиеттер тізімі

КІРІСПЕ

Бүгінгі білім жана ойлауға негізделген, адам іс-әрекетінің сапалы жана жағдайларына, әсіресе жастарға – бастама мен дарындылыққа негізделген түбегейлі реформалар кезеңінен өтуде.

Мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылатын жас ұрпақты жан-жақты қолдау білім беру іс-әрекетінің барлық бағыттарында қамтамасыз етіледі, олардың ішінде жетекші рөл педагогикалық қызметке беріліп отыр.

Орта білім мазмұнын жаңарту, заманауи мұғалімнің мәртебесі, мектеп пен ЖОО арасындағы ынтымақтастық және түлектердің кәсіптік қызметін жүзеге асырудағы жаңа міндеттер, жоғары оқу орындарының оқытушылық мамандықтарына түсетін талапкерлерді таңдау және бағалау тәртібі оқытушыларды даярлаудың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл рәсім ресми түрде **арнайы емтихан** деп аталады.

«Педагогикалық ғылымдар» бағытындағы білім беру бағдарламаларын таңдаған талапкерлерге арнайы емтихан білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға мүмкіндік береді.

Арнайы емтиханның мақсаты – талапкердің жеке қасиеттері мен коммуникативті қузыреттілігін, оның саналы таңдауымен педагогикалық қызметті жүзеге асыруға деген ынтымақ, бейімділігін анықтауды көздейді. Талапкер емтиханда қойылған сұрақтарға, тапсырмаларға, ұсынылған тест тапсырмаларына берген жауаптарында білімінің тереңдігін, оны саналы игергендігін төмендегі талаптар тұрғысынан көрсете білуі керек:

1. Қазақстан Республикасында білім беру ісін жетілдіру міндеттерін, «Білім беру туралы» Заң негізінде оқыту мен тәрбиелеу проблемаларын, жалпы білім беретін мектептің қызметін қайта құру, отбасы мен мектеп, оқушы арасындағы байланыстың мәні, тұлғаның өзін-өзі дамытудың ролі жөніндегі негізгі тұжырымдар берілген құжаттарды түсінетіндігі;

2. Мәселені теориялық-педагогикалық, тарихи-педагогикалық, психологиялық және педагогикалық тұрғыдан тұжырымдап қарастыра білуі;

3. Тапсырмаларды (тест тапсыру) орындау барысында талапкер бүгінгі білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен қоғамдағы педагог мамандығының ролі, педагог мәртебесі туралы өз көзқарасын ашып беруі, нақты мысалдар арқылы көрсетіп, дәлелдеуі;

4. Таңдаған тақырып бойынша педагогикалық (проблемалық) ситуация туғызып, оған талдау жасап, сыни тұрғыдан өз ойын білдіріп, оны шешудің қолайлы әдісін анықтай білуі.

Талапкер орындаған тапсырма мазмұны бойынша оның педагогика, психология саласының аса маңызды мәселелерінен хабардар екендігі, қазіргі мектептің тәжірибесін ұғынатындығы, білім беру мекемелерінде оқу-тәрбие жұмысын жүргізуге дайын екендігі айқындалады.

Құрметті болашақ ұстаз, Сіздерге сәттілік тілейміз!

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл бағдарлама келесі нормативтік құжаттар негізінде жасалынған:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына білім алуға қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.06.2018 № 334 (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына 1-қосымша). - Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің немесе жоғары кәсіптік білімнің ведомстволық органының өзге де нормативтік актілері;
- Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің жарғысы;
- Жыл сайынғы университетке түсу ережелері.

Қабылдаудың типтік ережелеріне сәйкес, «Педагогикалық ғылымдар» бағытындағы білім беру бағдарламаларын таңдаған талапкерлер бір арнайы емтихан тапсырады.

Арнайы емтиханның *мақсаты* – талапкерлердің педагогикалық қызметке бейімділігін анықтау. Бағдарламада арнайы емтихан ұйымдастыру және өткізу тәртібі, қатысушылардың құқықтары мен міндеттері, ұйымдастыру тәртібі белгіленген.

2. НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР

ҚК – қабылдау комиссиясы;
ҚК төрағасы;
ҚК жауапты хатшысы;
ҰБТ – Ұлттық бірыңғай тестілеу;
Арнайы емтихан;
Тест тапсырмалары;
Педагогикалық мамандықтар;

3. ТАЛАПҚЕРЛЕРДІ АРНАЙЫ ДАЯРЛАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

Талапкер *білуі тиіс*:

- адамның жеке анатомиялық-физиологиялық және психикалық ерекшеліктерін;
- қоғамдағы тәртіп ережелерін;
- жанжалдарды шешу ережелері мен шешу жолдарын;
- адамгершілік-мораль нормалары мен негізгі қағидаларын; гуманизм, ар-ұят бостандығы ұғымдарын;
- отбасы тәрбиесінің құндылықтарын;
- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар жүйесін.

Талапкер *жасауы тиіс*:

- өмірлік тәжірибе негізінде педагогикалық міндеттерді шешуді;
- педагогикалық жағдайларды болжауды және жобалауды жүзеге асыру;
- проблемалық педагогикалық жағдайларды шешу тәсілдерін жобалау;
- басқа адамды түсіну және қабылдау, эмпатияға, төзімділікке ие болу;
- өзге адамдармен ынтымақтасу; шағын топтарда мәселелерді шешу, диалог және пікірталас жүргізе білу;
- педагогикалық міндеттерді шешудің стандартты емес, шығармашылық тәсілдерін табу.

Талапкердің *дағдысының болуы тиіс*:

- педагогикалық міндеттерді шешу;
- әлеуметтік жүйелегі белсенді психологиялық-педагогикалық өзара әрекеттесу;
- әлеуметтік маңызы бар құндылықтарға бағытталған эмоциялық-еріктік реттеуінің болуы.

4. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРҒА ТҮСУ ҮШІН АРНАЙЫ ЕМТИХАНДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Педагогикалық мамандықтарға түсуге арналған арнайы емтихан үміткерлердің педагогикалық қызметке бейімділігін анықтауға бағытталған.

Педагогикалық мамандықтарға түсу үшін өтініштер қабылдау және арнайы емтиханды университеттің қабылдау комиссиясы 2023 жылдың **20 маусым – 24 тамыз** аралығында өткізеді. Арнайы емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

Арнайы емтихан формасы:

2023-2024 оқу жылындағы талапкерлер үшін «Педагогикалық ғылымдар» бағытындағы білім бағдарламалары бойынша арнайы емтихан **ауызша форматта** ағымдағы жылдың *маусым – тамыз* айларында өткізіледі.

- Әрбір талапкерге қабылдау комиссиясы емтиханның болатындығы туралы хабарлама жіберіледі. Емтихан нәтижесі арнайы құрылған комиссияның талқылауымен, сарапталып бағаланады.

- Арнайы емтихан бейне камера және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда өткізіледі.

- Емтиханды арнайы комиссия **«рұқсат етілген»/«рұқсат етілмеген»** негізінде, белгіленген өлшемдерге сәйкес бағалайды. Оның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

- Арнайы емтихан басталғанға дейін талапкерге өткізу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнайы емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелер мен апелляцияны жариялау уақыты мен орны көрсетіледі.

- Аудиторияға кіріп арнайы емтихан өткізуге рұқсат беру талапкер жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде ғана жүзеге асырылады.

- Арнайы емтиханды өткізу қорытындысы рұқсат беру ведомствосымен (қабылдау парағымен), комиссияның кез келген нысанымен ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және оған қатысып отырған барлық мүшелер қол қояды.

- Арнайы емтиханның нәтижелері емтихан өтетін күні жарияланады.

- «Педагогикалық ғылымдар» бағыты бойынша арнайы емтиханның нәтижелері негізінде оқуға түсушіге ЖОО-ға қабылдау орны бойынша ұсыну үшін ведомостан үзінді беріледі

- Емтихан кезеңінде арнайы емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, дауларды шешу, емтихан тапсырғандардың құқығын қорғау мақсатында университет ректорының бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады, оның құрамы тақ санды құрайды.

Апелляциялық шағым апелляциялық комиссияның төрағасына арнайы емтиханды тапсырған тұлға жібереді, ол арнайы емтиханның нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды. Апелляциялық комиссияның шешімі, егер оның отырысына оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады. Арнайы емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляциялық шешім қатысып отырған комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Егер апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болса, төрағаның дауысы шешуші болып

табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы хаттамаға ресімделеді, оған төраға және оған қатысқан барлық комиссия мүшелері қол қояды.

5. АРНАЙЫ ЕМТИХАНДАР ӨТКІЗІЛЕТІН ББ ТОБЫНЫҢ ТІЗІМІ

| | |
|------|---|
| V001 | Педагогика және психология |
| V002 | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу |
| V003 | Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі |
| V008 | Құқық және экономика негіздері мұғалімдерін даярлау |
| V009 | Математика мұғалімдерін даярлау |
| V010 | Физика мұғалімдерін даярлау |
| V011 | Информатика мұғалімдерін даярлау |
| V012 | Химия мұғалімдерін даярлау |
| V013 | Биология мұғалімдерін даярлау |
| V014 | География мұғалімдерін даярлау |
| V015 | Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау |
| V016 | Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау |
| V017 | Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау |
| V018 | Шет тілі мұғалімдерін даярлау |
| V019 | Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандарын даярлау |
| V020 | Арнайы педагогика |

6. ТАПСЫРМАЛАР МАЗМҰНЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚҚА КІРІСПЕ

Мамандыққа кіріспе.

Педагогикалық іс-әрекет негіздері және педагогикалық ой-пікірлердің даму тарихы

Педагогикалық мамандықтың жалпы сипаттамасы. Педагогикалық мамандықтың пайда болуы және қалыптасуы. Педагогикалық мамандықтың ерекшеліктері.

Педагогикалық қызмет – әлеуметтік құбылыс ретінде. Педагогикалық мамандықтың әлеуметтік статусы. Педагогикалық мамандықты тандау мотивтері. Педагогикалық мамандықтың өзіндік ерекшелігі мен гуманистік сипаты. ХХІ ғасырдағы педагог тұлғасы, оған қойылатын талаптар. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі» туралы заңнамасы.

Педагог тұлғасы және оның қоғамдағы әлеуметтік ролі. Педагогикалық қызметтің ерекшелігі. Педагогикалық іс-әрекеттің жалпы сипаттамасы. Педагогикалық қызмет: деңгейлері мен формалары.

Ұлы ағартушылардың ұстаз туралы ой-пікірлері

Қазақ даласы ойшылдарының педагогикалық көзқарастары мен еңбектері. Әл-Фарабидің еңбектеріндегі педагогикалық идеялары. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы адами және кәсіби қасиеттер көрінісі. Ы.Алтынсарин – Ұлы дала гуманист ағартушысы. А.Құнанбаев қара сөздерінің тәрбиелік-танымдық мәні. Ағартушы А.Байтұрсынұвтың педагогикалық еңбектері мен идеялары. М.Жұмабаевтың педагогикалық көзқарастарындағы ұлттық тәлім тәрбие.

Педагогтің кәсіби қызметінің бағыттары.

Қазіргі заман педагогының кәсіби-тұлғалық болмысы, сапалық қасиеттері.

Кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктер.

Қызмет субъектісі ретінде мұғалімге тән қасиеттер. Қазіргі мұғалімнің кәсіби және жеке тұлғалық қасиеттерінің сипаттамасы. Кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктер. Профессиограмма ұғымы. Қазіргі мұғалімге қойылатын талаптар. Педагогтің кәсіби этикасы және оның ұстаз қызметіндегі мәні. Педагогтің тіл мәдениеті. Педагогтың сөйлеу мәдениеті – кәсіби іс-әрекет жетістігінің шарты ретінде.

Педагогтың жалпы және кәсіби мәдениеті

«Мәдениет» ұғымының мәні. «Кәсіби педагогикалық мәдениет» терминінің мәні. Кәсіби педагогикалық мәдениеттің құрылымдық компоненттері (аксиологиялық, технологиялық және тұлғалық-шығармашылық). Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық мәдениетінің функциялары. Мұғалімнің (тәрбиешінің) педагогикалық мәдениетінің қалыптасу деңгейлері.

Педагогтың ақыл-ой еңбегінің мәдениеті.

Педагогтың ақыл-ой қызметі, оның ұйымдастыру жолдары. Педагогтың ақыл-ой еңбегінің мәдениетегі кәсіби көрінісі. Ақыл-ой еңбегінің мәдени компоненттері және өзін-өзі жетілдіруі. Өзбетіндік жұмыстарды ұйымдастыру дағдылары.

Педагогтың жалпы қабілеттері және қарым-қатынас мәдениеті

Педагогикалық қабілеттер. Педагогикалық қабілеттер туралы түсінік, олардың тәрбиелік мәні. Негізгі педагогикалық қабілет түрлері. Қарым-қатынастың жалпы сипаттамасы. Педагогикалық қарым-қатынастың түрлері, ерекшелігі. Педагогикалық қарым-қатынастың әлеуметтік-психологиялық аспектілері. Мұғалімнің жеке-кәсіби қасиеттері мен дағдылары.

Мұғалімнің педагогикалық ұстанымдары және заманауи стилі

Негізгі педагогикалық ұстаным түсінігі. Педагогикалық ұстанымдардың ерекшелігі. Педагогикалық іс-әрекеттің стильдері. Педагогикалық қызметтегі стиль ұғымы. Педагогикалық қызмет стилінің түрлері.

Педагогтың кәсіби-тұлғалық қалыптасуы мен дамуы

Педагог тұлғасының кәсіби-тұлғалық өзін-өзі анықтауы және қалыптасуы. Педагогикалық мамандықты игеру жолдары мен формалары. Мұғалімнің қалыптасуындағы өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі жетілдірудің ролі мен орны. Кәсіби мансап түсінігі. Педагогикалық мансап. Мұғалімнің мансабы және оның даму деңгейлері. Кәсіби даму жетістіктерінің сипаттамасы.

Педагогикалық шеберлік, оны қалыптастыру мен жүзеге асырудың жолдары

Педагогикалық шеберліктің мәні мен құрылымы. Педагогикалық техника педагогикалық шеберліктің құрамы ретінде. Кәсіби өзін-өзі жетілдіру және педагогтың кәсіби өсуі. Өзін-өзі тәрбиелеу қызметін жоспарлау және бағдарламалау. Педагогикалық шеберлікті қалыптастыру бағыттары. Педагогтың кәсіби өсу сатысы. Педагог имиджі. «Имидж» ұғымының мағынасы және құрамды бөліктері. Педагогтың имиджіне қойылатын жаңа талаптар.

Отандық білім беру жүйесі және оның даму стратегиясы

Білім берудегі жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар көрінісі. Қазіргі Қазақстандағы білім беру жүйесі: даму тенденциялары және резервтер. Ғылыми прогресс, адам тәрбиесі және өмірдің мәңгілік құндылықтары. Инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары. Инклюзивті білім беру педагог кәсібилігінің жаңа тұрпаты: әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және педагогикалық қызметті басқару. Мектепте инклюзивті білім беру мәдениетін құру. Білім беру ұйымына қол жетімділікті қамтамасыз ететін талаптар. Инклюзивті білім берудің негізгі ұғымдары және қағидалары. Білім беру ортасын заманауи модельдеу – ерекше білім қажеттіліктері бар балаларды қалыптастыру білім кеңістігіне қою шарты.

7. Әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы //Егеменді Қазақстан, 2007 жыл, 15 тамыз.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 05 қыркүйек, 2020 жыл.
3. Қасым-Жомарт Тоқаев. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына Жолдауы, 2022 жыл, 1 қыркүйек. <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaev-kazakstan-halkyna-zholdauyn-zhariyalady-1>
4. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы. 12 сәуір 2017 - <http://www.akorda.kz/> ҚР президентінің ресми сайты.
5. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 32 б.
6. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылдың «22» сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген. – Астана, 2015.
7. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Кәсіби күзиретті педагогтарды даярлау негіздері. Оқу құралы. – Алматы, 2009ж. 240 бет.
8. Введение в педагогическую профессию: Учебное пособие для студентов пед. специальностей. /Хан Н.Н., Қалиева С.И., Жексенбаева У.Б., Колумбаева Ш.Ж., Берикханова А.Е. – Алматы, 2010 – 243 с.
9. Проблемы развития теории обучения, совершенствования педагогического процесса. А.Бейсенбаева, Р.М. Қоянбаев и др. – Алматы, 2001.
10. Педагогика. Дәріс курсы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2003. – 368 б.
11. Педагогика. Оқулық.2-басылым. /Құрманалина Ш., Мұқанова Б., Ғалымов Ә., Ильясова Р. – Астана: Фолиант, 2010. – 656 б.
12. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаева Р.М. Педагогика: Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы, 2000 – 348 б.
13. Вопросы профессионального образования А.П. Сейтешев, Г.А. Уманов. – Алматы, 2005
14. Сейтешев А.П. Научно-педагогические основы профессионального становления личности учителя. – Алматы, 2006. – 230 с.
15. Түрікпенұлы Ж. К.Д.Ушинскийдің педагогикалық психологиясы.–Алматы, 2018. – 96б.
16. Педагогика Жампеисова К.К., Хан Н.Н., Кошербаева А.Н., Колумбаева Ш.Ж. – Алматы, 2017. – 312с. (англ.).
17. Элен Битэм, Рона Шарп. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2019 жыл.–328 б.
18. Әлімов А.К. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы. 2014. – 188 б.
19. Педагогика в схемах и таблицах: учеб.пособие. А.М. Руденко. – Ростов н/Д: Феникс, 2016. – 303 с.
20. Хмель Н.Д. Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы. – Алматы, 2005.

21. Әбиев Ж. Педагогика тарихы. Оқу құралы. – Алматы: Дарын, 2006. – 480 б.
22. Әлемдік Педагогикалық Ой-сана. 10-томдық. 1-2 том. – Алматы, 2009. – 400 б.
23. Дэвид Дж. Майерс. Әлеуметтік психология. 12-басылым. 2018. – 648 б.
24. Өстеміров К., Айтбаева А. Қазіргі білім беру технологиялары. – Алматы, 2006.
25. Шваб Клаус. Төртінші индустриялық революция. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 жыл – 200 б.
26. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы: I том. /Құраст. Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 б.
27. Габбасов С. Педагогика мен психология негіздері. Оқу құралы. – А.:2008. – 448 б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Философиялық сөздік. /Ред. кол.: Р.Н. Нұрғалиев, Ғ.Ғ. Ақмамбетов және т.б. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. – 525 б.
2. Психология: Энциклопедиялық сөздік. Бас ред. Б.Ө.Жақып.–Алматы: «Қазақэнциклопедиясы», 2011. – 624 б.
3. Краткий педагогический словарь. /Под. ред. М.И.Кондакова и А.С.Вишнякова. – М.: Политиздат. 1988. – 367 с.
4. Педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических учебных заведений. /В.А.Сластенин, И.Ф.Исаев, А.И.Мищенко, Е.Н.Шиянов.–М.:Школа-Пресс,1997. – 512с.
5. Алдамұратов Е. Жалпы психология. – Алматы, 1996.
6. Жарықбаев К. Жантану негіздері. /Қайта өңделген. – Алматы, 2004.
7. Лихачев Б.Т.. Педагогика: Курс лекций. /Учеб. пособие для студентов педагог. учеб. заведений и слушателей ИПК и ФПК. - 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Юрайт - 2001. – 607с.
8. Бахтиярова Г.Р. Дәстүрлі педагогикалық мәдениет тарихы. Электронды оқу құралы. Ақтөбе, 2016. CD. (ҚР Әділет министрлігінде тіркелген. Куәлік №1182. 30.05.2017ж.).
9. Рысбаева А.Қ. Педагогикалық ситуациялар мен тапсырмалар. – Алматы: «XX ғасыр қоры», 2004.
10. Педагогический энциклопедический словарь.Золотой фонд. Изд.«Дрофа».2009. – 528 с. Искунов А.И., Баркова Н.Н. и др. Хрестоматия по истории педагогики: В 3т. Изд.: Сфера,2006.-512с.
11. Якушева С.Д. Основы педагогического мастерства: Учебное пособие. Оренбург: ОГУ, 2005. – 230с.

Интернет - ресурсы

1. <http://www.mailcleanerplus.com/profit/elbib/obrlib.php> - электронды кітапхана «Педагогика және білім беру»
2. www.livejournal.ru/communities/23- «Педагогика және тәрбие» журналы.
3. Педагог мәртебесі Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.
4. «Білім туралы» ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы (15 сәуір 2016 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
5. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы № 348 бұйрығымен бекітілген.